

**Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер  
басқармасының «Әл-Фараби» атындағы қалалық ғылыми-әмбебап  
кітапханасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Шымкент қаласы

«29» наурыз 2023 жыл

**ХАТТАМА №01/23**

**Тақырыбы:** «сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасына және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу бойынша» Семинарлық сабақ.

**Қатысқандар:** Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Әл-Фараби» атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі (ары қарай- Кәсіпорын) қызметкерлері.

**Күн тәртібінде:** Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Әл-Фараби» атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің қатысуымен 2023 жыл 29 наурыз күні кітапхана заңгері А. Беркінбай «Сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті» тақырыбында семинар кеңес өткізді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Бұл дерт еліміздің дамуына, эканомиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіндігінің даусыз екендігіне заңгер егжей –тегжейлі мәселесіне тоқталды.

Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы биылда «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше